

6D020500-Филология мамандығы бойынша философия докторы (PHD)
дәрежесін алу үшін **«Көркем мәтіндегі тілдің функционалды
прагматикалық аспектілері»** тақырыбындағы **Заурбекова Ляззат
Жанатқызының** диссертациялық жұмысына отандық жетекшісінің
ШҚІРІ

Прагматика теориясы тіл ғылымына өте отырып, өзінің теориялық сипатын стилистика, сондай-ақ сөзтану саласында толық айқындап көрсете алды. Жалпы гуманитарлық ғылымдардың негізгі арналарынан таралған прагматика бағыты тіл ғылымында ғана емес, басқа ғылым саласында да кең өрістеп отыр. Сөз бен прагматиканың бірлескен аясында сөздің мақсатты түрде қолдану адамдық фактормен толық жүйеленеді. Сондықтан бұл сала лингвистика ғылымының жаңа ғылыми бағыттарын зерттеуге үлкен мүмкіндік тудырып отыр. Сондай-ақ прагматиканың тіл білімі ғылымында прагмастилистика, коммуникативті прагматика, функционалды прагматика т.б салаларының ғылыми негізі қаланды. Соның бірі – функционалды прагматика саласы. Функционалды прагматика Еуропа елдерінде кеңінен қарастырылып келе жатқан тіл білімінің жаңа саласы. Әсіресе, герман лингвистикасының мол тәжірибесі осы салаға арналады. Қазақ тіл білімінде функционалды прагматикаға арналған алғашқы ғылыми жұмыс Заурбекова Ляззат Жанатқызының «Көркем мәтіндегі тілдің функционалды прагматикалық аспектілері» атты ғылыми диссертациясы. Көркем мәтіндердің де функционалды прагматикалық аспектілерін қарастыру мәселесі өзгеше ғылыми аспектілерді зерттеуді талап етеді.

Зерттеу жұмысының негізгі мазмұны үш тараудан және әр тарау үш-төрт тараушаны қамтиды. Бірінші тарауда прагматика теориясы айналасында қалыптасқан өзіне дейінгі тұжырымдарды қарастырып, олардың концепцияларын өзара салыстырып, салғастырады. Функционалды прагматикаға қатысты жаңа теориялар мен импирикалық зерттеу, талдау жолдары мен әдістемелері айқындалады. Екінші тарауда ойлау мен сөйлеу, ішкі ой, ішкі сөз мәселелері жан-жақты сипатталады. Прагматика тіл қызметтерінің сөз формасына енбей тұрып адам ойы мен санасында пайда болады деген тұжырым жасайды. Жұмыста ізденуші прагматика теориясын басқа қырынан ашуды көздегені аңғарылады. Оны екінші тараудағы автор прагматикасы, интенциясын, ақиқат/жалған позицияларын талдау барысында атқарылған еңбегінен, талдаған материалдарынан байқай аламыз. Интенция мәселесін тек тіл білімі емес психология ғылымындағы пікірлермен жанастыра қазақ таным-түсінігі негізінде түсіндіруге тырысады. Ал соңғы үшінші тарауда жұмыстың өзегі болған көркем мәтін теорияларына арналған. Көркем мәтін - тілдің рухын, кодын сақтаушы дереккөз. Көркем мәтіннің прагматикасын зерттеуде адамдық фактордың прагматикалық мүмкіндіктерін талдау оған ғылыми концепцияларын пайымдау, оны ғылыми айналымға ендіру оңай жұмыс емес. Аталған тілдік деректерді автор-көркем мәтін-оқырман ұштағаны аясында талдау Заурбекова Ляззаттың диссертациялық жұмысының ғылыми жаңалығын, өзектілігін жаңаша туындаған ғылыми

терминологиялық аппаратын қалыптастыруға бет алды. Көркем мәтіндегі прагматистикалық ұғымдар, мәтін прагматикасына қатысты қазақ тіл білімінде өзіндік орны бар Р. Сыздық, Б.Шалабай, Г. Смағұлова, Ф.З. Жақсыбаева, Есенова Қ., А.Әділова т.с.с. біршама отандық ғалымдарымыздың еңбектерін басшылыққа алып, қорытынды пікірлерін түйіндейді. Көркемсөз өкілдері С.Шаймерденов, О.Бөкей, Т.Нұрмағанбетов, М.Мағауин т.б. авторлардың шығармаларынан мысалдар келтіріп, әр жазушының ерекше суреткерлігі мен дара ойлау стилін танытатын тіл бірліктерін интегралды түрде талдауды мақсат еткені аңғарылады. Ізденуші тек көркем проза ғана емес көркем поэзиядан да мысалдарды сұрыптап аса бір талғампаздығын танытады.

Докторант диссертациялық жұмысында прагматикалық аспектілердің ең негізгілерін жан-жақты талдайды, жеке тұжырымдарын келтіреді. Жұмыста автор интенциясы, ақиқат/жалған позициясы, декодтаушы прагматикасы, автор образы сынды тіл біліміндегі мәселелер прагматикамен тоғысында жаңаша аспектілерге бағытталды. Функционалды прагматиканың теориялық базасын герман тіл білімінде қалыптастырған Ангелина Реддердің еңбектеріне шолу жасалынып, қазақ тіл біліміндегі, орыс, шет тіл біліміндегі функция мен прагматика теориялары сипатталады. Сондай-ақ сөйлеу мен ойлау туралы ғылыми пікірлерді прагматика теориясымен байланыстырып, ішкі ой мен сөз мәселелерін де қамтиды.

Ізденуші Заурбекова Ляззат Жанатқызының зерттеу жұмысының негізгі мазмұнына қатысты мақалалары ҚР Білім және ғылым саласындағы Жоғары аттестаттау комитеті бекіткен ғылыми журналдарда және Scopus базасында жарияланған.

Күрделі әрі ауқымды тақырыптағы Заурбекова Ляззат Жанатқызының «Көркем мәтіндегі тілдің функционалды прагматикалық аспектілері» диссертациясының ғылыми теориялық әлеуеті ғылыми зерттеу жұмыстарының талаптарына толық сай келеді, аталған жұмысты қорғауға лайық деп есептеймін.

**Филология факультетінің
қазақ тіл білімі кафедрасының профессоры
филол.ғ.д., ғылыми жетекшісі**

Д.А. Алкебаева